

## Атырау университетінде Upgrade курстар...

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті – біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыруға үлкен мүмкіндігі бар жоғары оқу орны. Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау үшін әр маман жаңарып, жаңғырып отыруы тиіс. Яғни, upgradetелу. Неге upgrade? Жалпы "upgrade" сөзі ағылшын тілінен аударғанда, «жаңарту» дегенді білдіреді. «Педагог – ең алдымен, бүкіл оқу процесінің мотиваторы, ол оқушыларға жаңа ақпаратты іздеуде бағыт-бағдар берумен қоса, оны қабылдау, өңдеу және игеру дағдыларын қалыптастыра білуі қажет. Қазақстандағы педагогикалық жоғары оқу орындардың жаңартылған білім беру бағдарламалары мектеп мұғалімдерінің осындай кәсіби қасиеттерін қалыптастыруға негізделуге тиіс», - делінген «Баршаға қолжетімді сапалы білім» ұлттық баяндамада. Президентіміздің тапсырмасын орындау мақсатында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті әр жылдары бітірген өзінің түлектеріне Upgrade курстарын ұсынады. Атап айтсақ,

1. Оқушылардың білім беру нәтижелерін жақсарту үшін мұғалімдердің ІТ құзыреттілігін дамыту бойынша курстар
2. Ағылшын тілі деңгейлері бойынша курстар
3. Заманауи әдіс – тәсілдер бойынша курстар, тренингтер
4. Инклюзия және әртүрлілік бойынша курстар
5. Цифрлық оқыту ортасында бастауыш мектеп сабақтарындағы геймификация
6. Жасанды интеллект бойынша курстар
7. Эмоционалды интеллект бойынша курстар

«Цифрлық оқыту ортасында бастауыш мектеп сабақтарындағы геймификация» курсы жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз білім мен тәрбие негізінің бастауы – бастауыш сыныптарда. Сондықтан Атырау университеті өзінің түлектеріне «Цифрлық оқыту ортасында бастауыш мектеп сабақтарындағы геймификация» тақырыбындағы бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру Upgrade курстарын (72 сағат, ақысыз түрде) 2024 жылдың 17-28 маусым аралығында өткізілді. Бұл курсқа Атырау облысының әр түрлі орта білім беру мекемелерінен 19 мұғалім қатысты.

2025 жылдың 09 маусым мен 20 маусым аралығында «Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды педагогикалық-психологиялық сүйемелдеудің әдістемесі» тақырыбындағы Upgrade біліктілікті арттыру курсына (72 сағат, ақысыз түрде) 20 түлек қатысты. 10 күнге созылған оқу барысында тыңдаушылар: инклюзивті білім берудің құқықтық және әдістемелік негіздерін; ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды қолдаудың заманауи тәсілдерін; педагогикалық және психологиялық сүйемелдеудің тиімді жолдарын меңгерді.

Курстардың дәріскерлері – тәжірибелі профессорлар, магистрлер мен практик мамандар – теорияны тәжірибемен ұштастыра отырып, мазмұнды дәрістер мен шеберлік сабақтарын өткізді. Курс соңында тыңдаушылар өз тәжірибелеріне қалай ықпалдастыратыны жөнінде жоба қорғады.

Upgrade курсына университеттің 1989 ж., 1996 және 1997 жылдары және бертін жылдары бітірген және кезінде сырттай бітірген түлектеріміз келді. Заманауи тәсілдермен біліктілік курстарын өткізу – әлеуметтік жауапкершілігіміз деп есептейміз. Бұл курста бастауыш сынып мұғалімдерінің пән бойынша цифрлық сауаттылығы мен дағдыларын жетілдірді және цифрлық білім беру ресурстары туралы терең білім алып шықты. Сонымен бірге бастауыш сынып пәндерінде геймификация әдістерін қолдану дағдыларын дамытып, курс соңында сабақтарында көрсете алды. Оны белгілі бір критерийлер бойынша бағаланды.

Осы бағыттағы курстар әлі де жалғасын табады, жоғарыда аталған кей курс тақырыптары бойынша бағдарламалар жасақталды.

Педагогтердің біліктілігін арттыру – оқыту және оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіби білімдерін, біліктерін, дағдыларын мен

күзыреттерін колдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны. Кадрлардың дамуының негізгі кілті – біліктілікті арттыру курстарында.

Сондықтан Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті өз түлектерінің мықты сапалы маман болуы үшін Upgrade курстарын ұсынады.

Кадрларды қайта даярлау және біліктілікті  
арттыру кеңсесінің жетекшісі

 Г.Нұрсұлтанова